

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-тың барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

("Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының 2016 жылғы "22" сәуірдегі шешімі, №13/16 хаттама)

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-тың барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның

2016 жылғы 1 тамыздағы, №28/16 хаттама,

2016 жылғы 4 қарашадағы, № 41/16 хаттама,

2017 жылғы 30 қарашадағы, №41/17 хаттама,

2018 жылғы 16 қарашадағы, №34/18 хаттама,

2018 жылғы 19 желтоқсандағы, №41/18 хаттама,

2019 жылғы 20 мамырдағы, №17/19 хаттама,

2020 жылғы 03 ақпандағы, №02/20 хаттама,

2020 жылғы 13 шілдедегі, №26/20 хаттама,

шешімдерімен ("Самұрық-Қазына" АҚ Басқармасының шешімдері) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының**

Ж А Р Ғ Ы С Ы

Астана қ., 2016 жыл

1-БАП. ҚМГ-нің ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. *"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ) Қазақстан Республикасы Президентінің "Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №248 қаулысына сәйкес құрылды.*

ҚМГ "Қазақойл "ұлттық мұнай-газ компаниясы", "Мұнай және газ тасымалдау" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамдары мен "ҚазМұнайГаз - өңдеу және маркетинг" акционерлік қоғамының құқықтық мирасқоры болып табылады.

2. ҚМГ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы) және ҚМГ-нің корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

3. ҚМГ әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие.

4. ҚМГ-нің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

5. ҚМГ-нің дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар.

6. ҚМГ-нің өз тауар белгісі бар және үлгілерін ҚМГ Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзге де символикасы, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері болуы мүмкін.

2-БАП. ҚМГ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

7. ҚМГ атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы - "ҚазМұнайГаз" ҰҚ АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», қысқартылған атауы - АО НК «КазМунайГаз»;

ағылшын тіліндегі толық атауы - joint stock company "National company "KazMunayGas", қысқартылған атауы – JSC NC "KazMunayGas".

8. *ҚМГ-нің (оның Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8-ғимарат.*

9. ҚМГ қызметінің мерзімі - шектелмеген.

3-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті ҚМГ құрылтайшысы болып табылады.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесі ҚМГ акционерлері болып табылады.

4-БАП. ҚМГ-нің ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

11. Осы Жарғы ҚМГ-нің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5-БАП. ҚМГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

13. ҚМГ-нің мақсаты - дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

14. Мыналар ҚМГ қызметінің мәні болып табылады:

1) мұнай-газ саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының мұнай-газ ресурстарын тиімді және ұтымды игеруді қамтамасыз ету;

3) мұнай және газ ресурстарын пайдалану, молықтыру және одан әрі ұлғайту стратегиясын әзірлеуге қатысу;

4) мұнай-газ операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен жасалатын келісімшарттарда Заңнамада белгіленген тәртіппен келісімшарттарға міндетті үлестік қатысу арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіру;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мұнай операцияларын жүргізуге арналған тиісті келісімшарттардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысу;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізу;

7) ҚМГ тікелей келіссөздер негізінде ұсынған блоктарда мұнай операцияларын жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай-газ операцияларына конкурстар ұйымдастыруға қатысу;

9) акцияларының пакеттері/қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың мұнай операцияларын жүргізу, өңдеу, мұнай-химия, көмірсутектерді сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырларын және мұнай-

газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану үшін барлауды, игеруді, өндіруді, қызметтерді жүзеге асыруы мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг;

10) Заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;

11) өз қажеттіліктері үшін қысыммен жұмыс істейтін компрессорларды, қазандықтарды, құбырлар мен газ құбырларын пайдалану;

12) ҚМГ тұлғаларының тобындағы компанияларға тиесілі автожанармай құю станцияларын (АҚС), мұнай базаларын, газ толтыру станцияларын (ГТС), автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын (АГТКС), газ толтыру пункттерін (ГТП), баллондардың аралық қоймаларын (БАҚ), топтық резервуарлық қондырғыларды (ГРҚ), стационарлық және жылжымалы автогаз толтыру станцияларын (АГТС) күтіп-ұстау, пайдалану және жөндеу;

13) АҚС пен АГҚС-те ілеспе қызметтер көрсету;

14) ҚМГ тұлғаларының тобында мүлікті жалдау (қосалқы жалдау) бойынша қызметтер көрсету;

15) ҚМГ тұлғаларының тобында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар, оның ішінде айрықша құқықтар беру;

16) мұнай-газ саласында ақпараттық, талдау қызметтерін ұсыну;

17) көмірсутек шикізатының, оларды өңдеу өнімдерінің және өзге де тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) экспорты мен импорты бойынша операциялар жүргізу;

18) кен орындарын игерудің технологиялық мониторингін жүзеге асыру;

19) мұнай мен газды көліктің барлық түрлерімен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер;

20) ішкі және сыртқы нарықтарда көмірсутек шикізатын, көмірсутек шикізатын өңдеу өнімдерін және оларды өңдеу өнімдерін белгіленген тәртіппен өңдеу, көтерме және бөлшек саудасы және маркетингі;

21) өнеркәсіптік жарылыс-өрт қауіпті өндірістерді пайдалану;

22) өз қажеттіліктеріне арналған көлік-экспедиторлық қызметтер;

23) шығарылатын, сатылатын өнімнің сапасын растау шеңберінде мұнайды, газ конденсатын, өңдеу өнімдерін жылжымалы және стационарлық зертханалардың өңдеуі нәтижесінде алынатын өнімге сынақтар, оның ішінде өз қажеттіліктері үшін және бөгде адамдарға сертификаттық сынақтар жүргізу;

24) көмірсутек шикізатын тасымалдау жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттердің аумағында (сақтау, тиеу және көліктің басқа түрлеріне ауыстырып тиеу жөніндегі объектілерді қоса алғанда)

мұнай-газ құбыры жүйесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды жүзеге асыруға қатысу, иелік ету және пайдалану;

25) ҚМГ-нің қызметіне байланысты жобалардың қаржыландырылуын ұйымдастыру;

26) Қордың тобына кіретін ұйымдарға ақылшылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) беру;

27) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының көмірсутек шикізатын тасымалдау жөніндегі барлық ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;

28) мұнай-газ саласында жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;

29) елдің мұнай-газ секторы мен мұнай-химия саласындағы бағдарламалық құжаттарын әзірлеуге, іске асыруға және орындауға қатысу;

30) мұнай-газ өнеркәсібі саласында басшылықты және басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша, оның жұмыс органының функцияларын орындау, сондай-ақ мұнай-газ саласында мемлекеттің мүдделерін білдіру және мүдделерін қорғау;

31) отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған әр түрлі бағдарламаларды қолдау және оларға қатысу;

32) мұнай-газ және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

33) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

34) мұнай-газ жобаларын дайындау және игеру бойынша консалтингтік және техникалық қызметтерді жүзеге асыру;

35) ҚМГ қызметіне байланысты жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін сараптауды жүзеге асыру және бекіту;

36) еншілес ұйымдарға ишкі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеуге және мұнай өнімдерін сатуға байланысты консультациялық қызметтер көрсету;

37) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және Жарғыда көзделген қызметпен технологиялық байланысты, сондай-ақ Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру;

38) ҚМГ ұйымдарының мұнай тасымалдау бойынша көлік-экспедиторлық қызметтерді жүзеге асыру;

39) мұнайды, газды және оларды өңдеу өнімдерін экспортқа және ішкі нарыққа тасымалдауды, өңдеуді және сатуды ұйымдастыру мәселелерін қоса алғанда, ҚМГ ұйымдарына қатысты өзге де бас компаниялардың қызметін жүзеге асыру;

40) ҚМГ-нің еншілес ұйымдарына қатысты қаржыны басқару және бухгалтерлік есепті, салықтық есеп пен салықтық жоспарлауды ұйымдастыру мәселелері бойынша қызметті жүзеге асыру;

40-1) ҚМГ-ге тиесілі мұнай өнімдерін сату үшін көлік-экспедиторлық қызметтер көрсету.

Лицензияның немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе рұқсаттардың өзге де түрі алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-БАП. ҚМГ-нің ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15. ҚМГ Заңнамада көзделген барлық құқықтарға ие және барлық міндеттерді атқарады.

16. ҚМГ өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие. ҚМГ өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

17. ҚМГ акционерлері ҚМГ міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға тиесілі акциялардың құны шегінде ҚМГ қызметіне байланысты шығындар тәуекелінде болады.

18. ҚМГ өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

19. ҚМГ мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал мемлекет ҚМГ міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

20. ҚМГ өзінің атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Заңнамаға қарама-қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

21. ҚМГ қорғау құжаттарына, технологияларға, "ноу-хауға" және басқа да ақпаратқа иелік ету және пайдалану құқығын сатып ала алады және бере алады.

22. ҚМГ Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын бере алады және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін белгілей алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және ҚМГ балансында тұтастай ескеріледі.

23. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді ҚМГ Басқармасының төрағасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары ҚМГ берген сенімхаттың негізінде іс-әрекет етеді.

24. ҚМГ өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлерге еңбекақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

25. ҚМГ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық валютада, сонда-ақ шетел валютасында шоттар ашуға құқылы.

26. ҚМГ Заңнамаға сәйкес теңгемен және шетел валютасымен қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

27. ҚМГ ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

28. ҚМГ Басқармасының төрағасы ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасымен ҚМГ Басқармасы төрағасының шетелдік іссапарларын келіседі және Директорлар кеңесінің төрағасын ҚМГ Басқармасы мүшелерінің шетелдік іссапарлары туралы хабардар етеді.

28-1. Қоғамның қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі "Самұрық-Қазына" АҚ тобының "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін қайырымдылық бағдарламасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқылы емес.

29. ҚМГ Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

7-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

30. ҚМГ акционерлері:

1) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен ҚМГ-ні басқаруға қатысуға;

1-1) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта ҚМГ-нің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентіне иелік еткен жағдайда, Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

2) дивидендтер алуға;

3) егер сұратымда өзге мерзімдер белгіленбесе, ҚМГ сұратымын алған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, ҚМГ-нің қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде үлестес ұйымдар қимасында, сондай-ақ құпия сипаттағы ақпаратты алуға, сонымен қатар, Заңнамада немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен ҚМГ-нің қаржы есептілігімен танысуға;

4) ҚМГ тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан олардың ҚМГ-нің бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Акционерлердің жалпы жиналысына ҚМГ Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) ҚМГ органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) ҚМГ-ге оның қызметі туралы жазбаша сұратымдармен жүгінуге және белгіленген мерзімдерде дәлелді жауаптар алуға;

8) ҚМГ таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Заңда белгіленген тәртіппен басымдықты сатып алуға;

10) *Заңға сәйкес* Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

11) *алынып тасталды;*

- 12) *Заңға сәйкес* Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 13) *Заңға сәйкес* аудиторлық ұйымның ҚМГ аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге;
- 14) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық жасауға;
- 15) Заңда көзделген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының ҚМГ акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына құқылы.

30-1. Осы Жарғының 30-тармағының 1-1) тармақшасында көзделген талапты орындау Акционерлердің жалпы жиналысын шақыратын орган немесе адамдар үшін міндетті.

31. Акционерлердің *Заңнамада және (немесе) Жарғыда* көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

32. ҚМГ акционерлері:

- 1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;
- 2) ҚМГ тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына ҚМГ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) ҚМГ немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

33. ҚМГ және ҚМК тіркеушісі акционердің осы баптың 32-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамау салдары үшін жауап бермейді.

8-БАП. ҚМГ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

34. ҚМГ акциялар мен басқа да бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. ҚМГ бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді.

35. ҚМГ жай акцияларды ғана шығарады.

Жай акция акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ жай акция акционерлерге ҚМГ-де таза кіріс болған кезде дивидендтер алуға және ҚМГ таратылған жағдайда Заңнамада белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

36. ҚМГ акцияларын шығару құжаттамасыз нысанда жүзеге асырылады.

37. ҚМГ өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

38. Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, орналастырылатын акцияларға

ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) ақы төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде іс-әрекет жасайтын бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.

39. ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді ҚМГ тіркеушісі жүзеге асырады.

40. Егер:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;
2) ҚМГ кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған акциялардың жалпы саны, ҚМГ сатып алған акцияларды қоспағанда, ҚМГ орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспайтын болса;

3) кепіл туралы шартты Акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдаса ғана ҚМГ өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады.

9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

41. Акционерлердің өздеріне тиесілі акциялар бойынша ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес ҚМГ төлейтін кірісі дивиденд болып табылады.

42. Дивидендтерді төлеу ақшамен немесе ҚМГ бағалы қағаздарымен жүргізіледі. ҚМГ акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге мұндай төлем ҚМГ жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен акционерлердің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі.

43. *Тоқсанның, жартыжылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең үшін ҚМГ-нің қаржы есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.*

44. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген мерзімде дивидендтер төленеді.

45. Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ-нің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

46. ҚМГ-нің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

47. ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) ҚМГ-нің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталу күні;

5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;

6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

47-1. Дивидендтерді төлеу акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап 90 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер ҚМГ-ге жүзінген сәтінен бастап 90 күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

48. Акционерлер Жарғының 49-тармағында көрсетілген негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерлерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

49. Келесі жағдайларда ҚМГ-нің жай акциялары бойынша акционерге дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) ҚМГ меншікті капиталының мөлшері теріс болған жағдайда немесе егер ҚМГ меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ҚМГ Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер ҚМГ-де оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

10-БАП. ҚМГ ОРГАНДАРЫ

50. Мыналар ҚМГ органдары болып табылады:

1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - Басқарма;

4) "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚМГ-нің және ҚМГ компаниялар тобының Қордың тобына кіретін өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және олардың қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган - орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - Ішкі аудит қызметі).

11-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

51. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

52. ҚМГ қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Есепті кезеңде ҚМГ қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі шақырады.

ҚМГ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ-нің кез келген акционерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

53. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді ҚМГ Басқармасы, ҚМГ тіркеушісі онымен жасалған шартқа сәйкес, ҚМГ Директорлар кеңесі, таратылған жағдайда – ҚМГ тарату комиссиясы жүзеге асырады.

54. Заңнамада Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

55. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруға Директорлар кеңесі бастамашылық жасайды.

56. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды ҚМГ көтереді.

57. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа оған қатысуға құқығы бар адамдардың ең көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізіледі.

58. Акционерлерге Акционерлердің алдағы жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарлануы тиіс.

59. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізілуге тиіс.

Осы баптың 58-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу ҚМГ акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама жіберілген күннен бастап жүргізіледі.

60. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін күнді, уақытты және орынды, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақытты, сондай-ақ, егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы қайта өткізілетін күн мен уақыт;

4) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен акционерлердің танысу тәртібі;

7) жиналысты өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және сырттай дауыс беруге арналған рәсім;

9) оларға сәйкес жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

61. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу Акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте емес уақытта тағайындалуы мүмкін.

62. Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысы Акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысы өткізілетін жерде болады.

63. Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.

64. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі болуы тиіс. Күн тәртібінде, "әр түрлі", "өзгелері" деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және соларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта ҚМГ-нің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентіне иелік ететін акционер немесе ҚМГ акционерлеріне осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей немесе Жарғының 67-тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

65. Акционерлердің іштей тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Корпоративтік хатшы күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

66. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

67. Егер ҚМГ-нің екі акционері (немесе олардың өкілдері) күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтыруларды енгізуге дауыс берсе, олар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

68. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

69. Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс. Корпоративтік

хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

70. ҚМГ органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;

2) білімі туралы мәліметтер;

3) ҚМГ-ге үлестес болуы туралы мәліметтер;

4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат қамтылуы тиіс.

71. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне ҚМГ Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қай акционердің өкілі болып табылатыны немесе ол ҚМГ-нің тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

72. Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

1) ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігі;

2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;

3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы ҚМГ-нің таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-нің бір жай акциясына есептегенде бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;

4) акционерлердің ҚМГ мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары мен оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

5) ҚМГ жылдық есебі;

6) ҚМГ Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге де құжаттар.

73. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ҚМГ акционерлерінің танысуы үшін ҚМГ Басқармасы орналасқан жерде Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болуы тиіс, ал ҚМГ-нің акционерінің сұратымы болған жағдайда – сұратымды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуі тиіс.

74. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамаға, Жарғыға және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарына немесе Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес айқындалады.

75. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін акционерлердің өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Акционерлердің іштей тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысына шақырылған адамдар қатыса алады, бұл ретте, мұндай адамдар Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасының рұқсатымен сөз сөйлеуге құқылы.

76. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны сайлауды өткізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды.

ҚМГ-нің Корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып табылады. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

78. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

79. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

80. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар қамтылуы тиіс:

1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы ақпарат;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күн немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілместен, сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аты-жөндері;

7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша "қолдайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібін түсіндіру (бюллетеньді толтыру).

81. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы қол қоюы тиіс және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы тиіс.

Заңды тұлға – акционер басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлға - акционердің мөрі қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Дауыстарды санау кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ғана ескеріледі.

82. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп саны шектелген;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс берілген;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыс берілген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру "1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Дауыс беру қорытындылары бойынша ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда, ҚМГ Акционерлері жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін, қатысып, жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және ҚМГ-де сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

83. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

84. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған ҚМГ-нің дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын адамдардың сөз сөйлеуі;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Жалпы жиналыста Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, Жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

85. Төменде аталғандар Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоюы тиіс:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адам қол қоя алмаған жағдайда, берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар адам хаттамаға қол қояды.

86. Осы баптың 85-тармағында көрсетілген қандай да бір болмасын адам хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы адам бас тарту себебіне жазбаша түрде түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

87. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу, онда дауыс беру және хаттамаға қол қою құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түрдегі түсініктемелерімен бірге тігіледі.

88. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері ҚМГ Басқармасының орналасқан жері бойынша сақталуы және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта берілуі тиіс. Акционерлердің талабы бойынша оларға Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесі беріледі.

89. Егер барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге меншік және (немесе) сенімгерлік басқару құқығында тиесілі болса, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда және (немесе) қоғамның Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға нұқсан келтірмейтін және оларды шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген жағдайда, егер ҚМГ-нің барлық дауыс беретін акцияларына меншік және (немесе) сенімгерлік басқару құқығында иелік ететін тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Заңда және ҚМГ Жарғысында Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды, егер сенімгерлікпен басқару шартында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ Жарғысына сәйкес, осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар орган, лауазымды тұлғалар немесе заңды тұлғаның қызметкерлері қабылдайды.

12-БАП. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

90. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) ҚМГ-ні ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) ҚМГ жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе ҚМГ-нің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) ҚМГ-нің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;

7) ҚМГ-нің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу;

9) ҚМГ қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгіленген тәртіппен айқындау;

10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;

10-1) ҚМГ Басқармасының төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) акционерлердің алдағы кезеңдерге арналған үміттерін бекіту және олардың орындалуына мониторинг жүргізу;

12) ҚМГ шоғырландырылған және жеке жылдық қаржы есептілігін бекіту;

13) есепті қаржы жылындағы ҚМГ-нің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және ҚМГ-нің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14) ҚМГ-нің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

15) ҚМГ акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

16) ҚМГ-ге тиесілі барлық активтердің жиынтықта жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы ҚМГ-нің өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың

қызметіне қатысуы немесе өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

17) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;

17-1) нәтижесінде ҚМГ активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп проценті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніндегі жағдай бойынша құны ҚМГ активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп процентін құрайтын мүлікті нәтижесінде ҚМГ сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау;

17-2) Қордың тобына кіретін ұйымдармен жасалатын мәмілені қоспағанда, ҚМГ-нің Заңға сәйкес жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау;

18) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта ҚМГ акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және әдістемеге өзгерістер енгізу;

19) дивидендтік саясатты бекіту;

20) акционерлерге ҚМГ қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

21) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және ҚМГ-нің әкімшілік аппаратын орналастыру үшін алаңдардың нормаларын айқындау;

22) қызметтік іссапарларға жіберілетін ҚМГ қызметкерлеріне шығыстар нормативтерін айқындау;

23) ҚМГ акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

24) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

25) қызметкерлерге ұтқыр байланысты пайдалану құқығын беру кезінде ҚМГ қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін, өкілдік шығыстардың лимиттерін айқындау;

26) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентін бекіту;

27) олар бойынша шешім қабылдау Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

91. Жарғының 90-тармағының 2), 3), 4) және 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Егер Заңда *және (немесе) Жарғыда* өзгеше белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері ҚМГ-нің дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

92. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Жарғының 90-тармағымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді ҚМГ-нің басқа органдарының, тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге болмайды.

93. Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ-нің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша ҚМГ-нің өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

13-БАП. ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

94. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне және ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, ҚМГ қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бапта белгіленген тәртіппен қабылданады.

95. Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асыру үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

96. Жыл қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген тәртіппен атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

97. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) олардың ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

98. Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) ҚМГ қызметінің басым бағыттарын айқындау және ҚМГ-нің даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ ҚМГ даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) *Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда*, жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) ҚМГ-нің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) ҚМГ-нің шоғырландырылған және жеке жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысына ҚМГ-нің өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-нің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныс беру;

6) ҚМГ жылдық есебін және орнықты даму саласындағы есебін бекіту;

7) ҚМГ облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) *ҚМГ Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, ҚМГ Басқармасының мүшелерін (Басқармасының төрағасын есептемегенде) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;*

9) ҚМГ Басқармасының төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының және еңбекақысының мөлшерін, сыйлықақы беру мен әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу және олардың қызметін бағалау;

10) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

11) ҚМГ орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын, құрылымын бекіту;

12) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің лауазымдық *айлықақысының мөлшерін* және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау және Қордың саясатын ескере отырып, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмысын бағалау;

12-1) Комплаенс қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, Комплаенс қызметі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақысын төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау және Комплаенс қызметі қызметкерлерінің жұмысын Қордың саясатын ескере отырып бағалау;

13) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын және Ішкі аудит қызметі қызметінің стратегиясын бекіту;

14) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

15) Корпоративтік хатшы қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның басшысын және қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Корпоративтік хатшы қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, Корпоративтік хатшы қызметінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақысын төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау және Қордың саясатын ескере отырып, Корпоративтік хатшы қызметі қызметкерлерінің жұмысын бағалау, Корпоративтік хатшы және Корпоративтік хатшының қызметі туралы ережелерді бекіту;

16) ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, ҚМГ төрағасы мен Басқарма мүшелерінің және өзге де қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

17) ҚМГ Корпоративтік хатшы қызметінің, Комплаенс қызметінің және Ішкі аудит қызметінің штат кестесін бекіту;

18) ҚМГ омбудсменін тағайындау, өкілеттіктер мерзімін белгілеу және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ҚМГ омбудсменінің лауазымдық айлықақысының мөлшерін, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу, оның қызметін бағалау, ол туралы ережені бекіту;

19) ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша ҚМГ-нің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (ҚМГ қызметін ұйымдастыру мақсатында ҚМГ Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде ҚМГ бағалы қағаздары аукциондарын өткізу және жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты, сондай-ақ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, омбудсмен және Корпоративтік хатшы

қызметі қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының схемасын бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді, сондай-ақ Директорлар кеңесі қабылдаған құжаттарды күші жойылды деп тану;

20) ҚМГ филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

21) олар бойынша шешім қабылдау Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәмілелерді есептемегенде, тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамында (базалық сценарий) белгіленген бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті нәтижесінде ҚМГ сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын ҚМГ-нің жасасуы туралы шешімді келісу;

21-1) нәтижесінде құны ҚМГ активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын ҚМГ-нің жасасуы туралы шешімдер қабылдау;

21-2) оларды жасасу туралы шешімді Жарғының 90-тармағының 17-1), 17-2) тармақшаларына сәйкес ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ҚМГ-нің ірі мәмілелерді және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдау;

21-3) ҚМГ-нің Қордың тобына кіретін ұйымдармен жасасуға мүдделілік бар ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, ҚМГ-нің жасалуына ҚМГ мүдделі болатын мәмілелерді жасасуы туралы шешім қабылдау;

23) ҚМГ міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

24) Қор белгілеген тәртіппен ҚМГ-нің шоғырландырылған даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

25) ҚМГ қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесін және мақсатты мәндерін бекіту;

26) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіптік даму бағдарламасын бекіту;

27) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

28) Директорлар кеңесін жыл сайын бағалау тәртібін бекіту;

29) ҚМГ Басқармасының басшысы мен мүшелері, ҚМГ Ішкі аудит қызметінің басшысы үшін қызметтің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қойылған мақсаттарын бекіту;

30) өз құзыретінің шеңберінде заңды тұлғаларды құру туралы (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы) шешім қабылдау;

31) өз құзыретінің шеңберінде ҚМГ-нің басқа да заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бес және одан да көп процентін сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешімдер қабылдау;

32) ҚМГ-ні басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;

33) бірлескен қызмет туралы шарттарды (келісімдерді) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар (лицензиялар) бойынша жобаларды іске асыру үшін қаржыландыру туралы келісімдерді жасасу, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар (құзыретті орган Заңнамаға сәйкес шешім қабылдағаннан кейін) немесе жер қойнауын пайдалануға лицензиялар алу, жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуы (Заңнамаға сәйкес құзыретті органның рұқсатын алғанға дейін) мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға (лицензияларға) өзгерістер мен толықтырулар енгізу (редакциялық сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоспағанда), Заңнамаға сәйкес ҚМГ-нің жер қойнауы учаскесінің (барлық учаскелерінің) барлығын (бір бөлігін) қайтаруы (ҚМГ-нің одан бас тартуы);

34) Директорлар кеңесі мүшелерінің ҚМГ қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық ақпаратты алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

35) ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатын, есеп саясатын бекіту;

36) тәуекелдерді басқару саласындағы саясатты бекіту;

37) ҚМГ-нің тәуекелдер тіркелімі мен картасын және қауіпті тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту; ҚМГ-нің жалпы тәуекел-аппетитін, ҚМГ-нің әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту және қабылданатын тәуекелдер деңгейін шектеу үшін лимиттер белгілеу;

38) ҚМГ ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

39) тәуекелдер бойынша есепті бекіту;

40) ҚМГ қызметінің үздіксіздік жоспарын бекіту;

41) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;

42) Директорлар кеңесіне ҚМГ-нің қаржы көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржы және басқарушылық есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындау;

43) сыртқы аудиторлардың ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару жөніндегі қорытындыларын және Ішкі аудит қызметі жүргізген тексеру нәтижелерін талдау;

44) тәуекелдерді басқару саласындағы басқа да саясаттарды және ҚМГ Тәуекелдерін басқару қағидалары мен рәсімдерін бекіту;

45) корпоративтік жанжалдарды реттеуге және өз құзыретінің шеңберінде мүдделер қақтығыстарын реттеуге мониторинг жүргізу және оған қатысу;

46) ҚМГ немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

47) ҚМГ Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмысын келісу;

48) өз құзыретінің шеңберінде ҚМГ-нің Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік маңызы бар, экономикалық тиімділігі төмен инвестициялық жобаларды іске асыру шарттарын айқындайтын мәмілелер жасасуы туралы

шешімдер қабылдауы немесе мәселе Басқарманың құзыретіне кіретін болса, Басқарманың шешімдерін мақұлдауы;

49) ҚМГ акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

50) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызметтің мынадай мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

а) акционерлік қоғамды (бұдан әрі - қоғам) ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

б) қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі - серіктестік) жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

в) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

г) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

д) қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

е) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу;

ж) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар беру мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;

з) Қор Басқармасы бекітетін тізбеге сәйкес Қор Басқармасымен келісім бойынша барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлғалардың атқарушы органдары басшыларының өкілеттіктерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату (Қор тобының шеңберінде), кейіннен белгіленген тәртіппен олармен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

и) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтықта жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе өзге заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

к) "алтын акцияны" енгізу және жою;

л) серіктестіктің байқау кеңесін сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

м) серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім шығару;

н) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім;

о) серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын белгілеу;

п) "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес, серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

р) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

А)-ж), и)-р) мәселелері бойынша шешімдер Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес қабылданатын болады.

51) ҚМГ мен акцияларына (қатысу үлестеріне) ҚМГ тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін (қайта құрылымдау, қайта ұйымдастыру, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен шығару, сенімгерлік басқаруға беру, ауыртпалықтарды салу/жасау және басқа да мәселелерін қоса алғанда, бірақ олармен ғана шектелмей) реттейтін құжатты бекіту, оның іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ көрсетілген құжатты мерзімді негізде қайта қарау;

52) ҚМГ акцияларын (қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларда лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты әзірлеу;

53) біліктілік талаптар белгілеуді, тағайындауды келісуді, олардың қызметін Директорлар кеңесінің бағалауын көздейтін ҚМГ және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарының негізгі лауазымдарының тізбесін бекіту;

54) ҚМГ корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзыретінің шеңберінде ҚМГ тиісті құжаттарына енгізілетін өзгерістерді бекіту, ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау;

ҚМГ үлестес тұлғаларының тендерлерге (конкурстарға) қатысуы кезінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге берілетін комфорт хаттары мен кепілдіктерді қоспағанда, ҚМГ міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) айқындау мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ҚМГ-ге жекелеген құжатпен ресімделетін кепілдік беру туралы шешім қабылдау;

55) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың, осы ұйымдардың Жарғыларында белгіленген тәртіппен, нәтижесінде құны тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамында (базалық сценарий) белгіленген бағам бойынша теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті ұйым сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасасуды келісуі;

56) Қордың корпоративтік стандарттарымен реттелмеген немесе Қордың корпоративтік стандарттары мен саясатына қарама-қайшы келмейтін, Қордың саясатын және корпоративтік стандарттарын қосымша нақтылайтын мәселелер бойынша ҚМГ мен дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымдар үшін бірыңғай саясаттар мен стандарттарды бекіту;

57) толық іске асырылуы ҚМГ-нің және/немесе дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамында (базалық сценарий) белгіленген бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын инвестициялар жиынтығын жүзеге асыруын көздейтін инвестициялық жобаларды келісу;

58) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлесті) сатып алуын және оның ауысуын, сондай-ақ Заңнамаға сәйкес жер қойнауы учаскесінің (барлық учаскелерінің) барлығын (бір бөлігін) қайтаруын (одан бас тартуын) келісу;

59) Қордың Корпоративтік басқару кодексiнiң қағидаттары мен ережелерiн сақтау/сақтамау туралы есептi бекiту;

60) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Акционерлердiң жалпы жиналысының айрықша құзыретiне жатпайтын өзге де мәселелердi, оның iшiнде ҚМГ Директорлар кеңесiнiң құзыретiне жатқызылған мәселелердi ҚМГ Директорлар кеңесi немесе Қор бекiткен құжаттармен қарайды.

99. ҚМГ-нiң Директорлар кеңесi:

1) дауыс беретiн акциялары немесе қатысу үлестерi тiкелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесiлi барлық ұйымдарда басқару тиiмдiлiгiн, ұзақ мерзiмдi құнның өсуiн және орнықты дамуды қамтамасыз етуi;

2) мүдделердiң ықтимал қақтығыстарын, оның iшiнде ҚМГ меншiгiн заңсыз пайдалануды және мүдделiлiк бар мәмiлелер жасасу кезiнде терiс пайдалануды лауазымды тұлғалар мен Акционерлердiң жалпы жиналысы деңгейiнде қадағалауы және мүмкiндiгiнше оларды жоюы;

3) ҚМГ-де корпоративтiк басқару практикасының тиiмдiлiгiн бақылауды жүзеге асыруы тиiс.

100. Тiзбесi Жарғының 98-тармағында белгiленген мәселелердi шешу үшiн ҚМГ Басқармасына беруге болмайды.

Директорлар кеңесiнiң Жарғыға сәйкес ҚМГ Басқармасының құзыретiне жатқызылған мәселелер бойынша шешiмдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердiң жалпы жиналысының шешiмдерiне қарама-қайшы келетiн шешiмдер қабылдауға құқығы жоқ.

101. Директорлар кеңесiнiң мүшелерi:

1) Директорлар кеңесiне акционерлердiң өкiлдерi ретiнде сайлауға ұсынылған (ұсыным берiлген) адамдар;

2) басқа адамдар (Жарғының 102-тармағында белгiленген шектеулердi ескере отырып) санынан сайланады.

102. ҚМГ акционерi болып табылмайтын және Директорлар кеңесiне акционерлердiң өкiлi ретiнде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берiлмеген) жеке тұлға Директорлар кеңесiнiң мүшесi болып сайлануы мүмкiн..

103. Директорлар кеңесiнiң мүшелiгiне кандидаттар Директорлар кеңесiнiң өз функцияларын орындауы және ҚМГ-нiң ұзақ мерзiмдi құны мен орнықты дамуының өсуiн қамтамасыз ету үшiн қажеттi бiлiмi, дағдылары мен тәжiрибесi, сондай-ақ мiнсiз iскерлiк және жеке беделi болуы тиiс.

Мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі болып табылатын;
- 2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының лауазымды тұлғасы болып табылатын;
- 3) заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар;
- 4) бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған адам Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлана алмайды. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлі түрде тарату немесе мәжбүрлі түрде сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

104. Басқарма төрағасынан басқа ҚМГ Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны - кемінде жеті адам. Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

105. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 жылға дейінгі мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жүргізлетін шешім қабылдаған кезде аяқталады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Кез келген адамды Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан астам мерзімге сайлау Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақытқа сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне тигізетін әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатуды Директорлар кеңесін жазбаша түрде хабардар ету негізінде Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған және Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, оның өкілеттіктері, тұтастай алғанда, Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

106. Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды (тағайындайды).

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесін басқаруға жауап береді және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

3) ҚМГ Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

4) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және Директорлар кеңесінің мүшелері мен ҚМГ Басқармасы арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) ірі акционерлермен тиімді байланысты және Акционерлердің жалпы жиналысының көзқарасын, тұтастай алғанда, Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;

7) ҚМГ-нің даму стратегиясын ірі акционерлермен талқылауды қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің анық және нақты ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кіру бағдарламасының ұсынылуын қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілей отырып, ҚМГ-нің атынан ҚМГ Басқармасының төрағасымен еңбек шартын жасасады. Бұл ретте, осы еңбек шартында материалдық көтермелеудің ҚМГ Директорлар кеңесі белгілеген ҚМГ қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге тікелей тәуелділігі көзделуі тиіс;

11) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы жыл сайын хабардар етеді;

12) Заңнамада, Жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

107. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе ҚМГ Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) ҚМГ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) ірі акционердің;

4) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

108. Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен ҚМГ Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе ҚМГ Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адам міндетті түрде шақырылып, өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде он күнтізбелік күн бұрын, ал ҚМГ-нің даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспары, атқарушы органның басшысы мен мүшелері үшін мотивациялық ҚНҚ, жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу мәселелері бойынша - кем дегенде 15 жұмыс күні бұрын қалыптастырады.

Материалдары мерзімдер бұзылып ұсынылған мәселелер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізілмейді. Күн тәртібіне мерзімі бұзылған мәселелер енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің түпкілікті негіздемесі ұсынылады.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын, ал ҚМГ-нің даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспары мәселелері бойынша - кемінде 10 жұмыс күні бұрын ұсынылады.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

ҚМГ-нің мәміле жасауына мүдделі тұлғалар белгіленген мерзімдерді ескере отырып, Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Директорлар кеңесіне жіберілетін материалдарға қоса беріледі.

ҚМГ-нің мәмілені жасасуына мүдделі ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары болып табылатын тұлғалар, отырыс іштей тәртіппен өткізілген жағдайда, осы ақпаратты Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Корпоративтік хатшы арқылы ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді тиісті ақпаратты бюллетеньдерде көрсету арқылы отырысты сырттай тәртіппен өткізу кезінде ҚМГ-нің мәміле жасасуына мүдделі ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары болып табылатын тұлғалар ұсынады.

Сонымен бірге, Директорлар кеңесінің отырысын сырттай тәртіппен өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беруге арналған бюллетень де

қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) ҚМГ (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күн немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аты-жөні;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша "қолдайды", "қарсы", "қалыс қалды" деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жіберген кезде Корпоративтік хатшы олардың дұрыс және біркелкі жасалуын өз қолымен куәландырады.

Іштей отырыс өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада, егер Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмаса, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме қамтылуы тиіс.

109. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің "телефон кеңесі" режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылданған шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Корпоративтік хатшыны Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша түрде хабарлау арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте, күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі жазбаша хабарлама жіберу арқылы білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты білдірілген ұстаным;
- 4) қолтаңбасы;

5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыстың хаттамасына тігіледі, онда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама ұсынуы тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша бұрын жазбаша хабарламаны ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру қолданылатын Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

110. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияны (интерактивтік аудиовизуалдық байланысты), конференц-байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің "телефон кеңесі" режимінде бір мезгілде сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарын пайдалану ескеріліп, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған жағдайда) ескеріле отырып айқындалады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

Тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің осы Жарғының 98-тармағының 1), 5), 6), 8-15), 22-34), 43), 49), 50), 52), 53) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте, Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілігі қатысуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайта қарау кезінде кворумға және тәуелсіз директорлардың санына қойылатын талаптар қолданылмайды.

111. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Заңнамада немесе Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған немесе жазбаша түрде пікір берген Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе ҚМГ Директорлар кеңесінің Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіп бұзыла отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

Егер көрсетілген шешіммен ҚМГ және (немесе) оның акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, акционерлер ҚМГ Директорлар кеңесінің Заң мен Жарғының талаптары бұзылып қабылданған шешімін сотта даулауға құқылы.

112. ҚМГ жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешім оны жасасуға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесінің барлық мүшелері, тәуелсіз директорлардан басқа, осындай мәмілені жасасуға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, ҚМГ жасалуына мүдделі болатын мәмілені жасасу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қордың Директорлар кеңесі ірі мәмілелерді және ҚМГ жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасудың өзгеше тәртібін белгілей алады.

Нәтижесінде ҚМГ жасасуға мүдделі болатын тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамымен (базалық сценарий) белгіленген бағам бойынша құны теңгемен 110 000 000 (бір жүз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді келісу туралы шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің оны жасасуға мүдделі емес жай көпшілік дауысымен қабылданады.

ҚМГ-нің жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені ҚМГ Заңға сәйкес жасасуы туралы шешімді, оны жасасу туралы шешімді ҚМГ Директорлар кеңесі қабылдайтын Қордың тобына кіретін ұйымдармен жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы қозғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылдайды.

113. ҚМГ Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Бұл ретте, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Осы Жарғының 98-тармағының 1), 5), 7), 9-16), 19, 21-26), 30-33), 37-40), 42), 43), 45), 50), 52), 56-58) тармақшаларында белгіленген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға болмайды.

Директорлар кеңесінің, ең болмағанда, бір мүшесі мәселені сырттай отырыста қарауға қарсы болған жағдайда, мәселе кезекті іштей отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда, шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі. Директорлар кеңесінің сырттай

отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс, сондай-ақ онда:

- 1) ҚМГ-нің (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адам (орган);
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оларға осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса беріледі.

114. Директорлар кеңесінің іштей тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оған отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде *Директорлар кеңесінің төрағасы* мен Корпоративтік хатшы қол қоюы тиіс және онда мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) ҚМГ Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беруі туралы жазба (осындай жазбаша хабарлама болған жағдайда);
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер белгіленген тәртіппен Корпоративтік хатшыда сақталады және ҚМГ архивіне тапсырылады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттамадан және шешімнен оның қолымен расталған үзінді көшірмелер беруге міндетті.

115. *Анағұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін ҚМГ-де Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.*

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) *стратегиялық жоспарлау;*
- 2) *кадрлар және сыйақылар;*

- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) ҚМГ-нің ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың екінші бөлігінде аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

ҚМГ Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

14-БАП. ҚМГ БАСҚАРМАСЫ

116. ҚМГ Басқармасы ағымдағы қызметке басшылық етуді жүзеге асырады. ҚМГ Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады.

ҚМГ Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен ҚМГ-нің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған ҚМГ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Заңнамада және (немесе) Жарғыда ҚМГ өзге органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде, құны ҚМГ активтері құнының жалпы мөлшерінің он процентінен кем болатын мүлікті ҚМГ сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын ҚМГ-нің жасасуы туралы шешімдер қабылдайды;

1-1) ҚМГ тауар белгісін пайдалануға лицензиялық шарт жасасу туралы шешім қабылдайды;

2) ҚМГ "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін заңды тұлғалармен жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдерді Қор белгілеген тәртіппен қабылдайды;

3) өз құзыретінің шегінде ҚМГ міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он процентіне дейінгі шамаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды;

4) өз құзыретіне сәйкес, ҚМГ-нің басқа ұйымдарды құруға қатысуы, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде сатып алынған үлестер мен акцияларды иеліктен шығару туралы ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына шығарады;

5) өз құзыретінің шегінде ҚМГ-ні басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) бес процентіне дейін сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғымен ҚМГ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлға Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7) ҚМГ-нің шоғырландырылған және жеке жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту үшін дайындап, ҚМГ-нің Директорлар кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады;

8) Директорлар кеңесіне ҚМГ филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдардың жұмысын үйлестіреді;

10) Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ орталық аппаратының құрылымын ескере отырып, қызметкерлердің жалпы саны шегінде штат кестесін (ҚМГ *Корпоративтік хатшы қызметінің, Комплаенс қызметінің* және Ішкі аудит қызметінің штат кестесін қоспағанда) бекітеді, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің жалпы санын, құрылымын және штат кестесін бекітеді;

11) Қордың саясатын және ҚМГ-нің әкімшілік және басқарушылық қызметкерлерінің (ҚМГ Басқармасының, ҚМГ Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін, Корпоративтік хатшысын қоспағанда) лауазымдық айлықақыларының схемасын ескере отырып, ҚМГ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларын, әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын бекітеді;

12) ҚМГ-нің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

13) ҚМГ қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Акционерлердің жалпы жиналысы мен ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекітеді;

14) еншілес және тәуелді ұйымдар үшін үлгі құжаттарды бекітеді;

15) ҚМГ ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

16) Қоғамның "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін "Самұрық-Қазына" АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

17) ҚМГ акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асырған кезде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды;

18) ҚМГ даму стратегиясының, шоғырландырылған даму жоспарының жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

19) ҚМГ-нің даму стратегиясын, шоғырландырылған даму жоспарын іске асыруды жүзеге асырады, олардың орындалуына жауапты болады, сондай-ақ жыл сайын Директорлар кеңесіне ҚМГ-нің даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есептерді ұсынады;

20) *ҚМГ-нің Даму жоспарын, ҚМГ-нің даму жоспарын (жеке) әзірлеу тәртібін бекітеді және оның орындалуына жауапты болады;*

20-1) *ҚМГ-нің шоғырландырылған бюджетін, ҚМГ-нің жеке бюджетін бекітеді және олардың орындалуына жауапты болады;*

21) ҚМГ-нің дивидендтік саясатына қатысты ұсынымдар дайындау, ҚМГ-нің есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және ҚМГ-нің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау бойынша ұсынымдарды қарайды, мақұлдайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынады;

22) басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) көп дегенде он процентін ҚМГ-ге сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

23) өз құзыретінің шеңберінде мүдделер қақтығысы мен корпоративтік жанжалдардың мониторингін жүзеге асырады және оларды реттеуге қатысады;

24) ҚМГ-де бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, Заңнамада белгіленген шекті нормалардан аспайтын амортизация нормаларын белгілейді;

25) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың жиырмамыншы наурызына дейін Қорға ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады;

26) ҚМГ қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті және *орнықты даму саласындағы есепті* бекіту үшін дайындап, ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады;

27) ҚМГ компаниялары тобының корпоративтік есеп саясатын, есеп саясатын әзірлеуді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;

27-1) ҚМГ-нің салықтық есеп саясатын және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік салықтық есеп саясатын бекітеді;

28) ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

29) ҚМГ-дегі тәуекел-аппетитінің дәрежесінің сақталуына және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты болады;

30) Директорлар кеңесін ҚМГ негізгі тәуекелдерінің жай-күйі туралы уақытылы хабардар етеді;

31) ҚМГ-нің Директорлар кеңесі, Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалуына, ҚМГ жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарына, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарына мониторингті жүзеге асырады;

32) ҚМГ меншігіне қатысты заңсыз іс-әрекеттерді тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

33) ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен Акционерлерге ҚМГ қызметі туралы ақпарат береді;

34) ҚМГ қызметкерлерін оқытуға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

35) олар бойынша шешімдер қабылдау құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша құжаттарды Акционерлердің жалпы жиналысының қарауы үшін дайындайды;

36) қажет болған жағдайда, ҚМГ Басқармасының жанынан бизнес-бағыттар бойынша комитеттер құрады және таратады және олар туралы ережелерді бекітеді;

37) бекітілуі ҚМГ Директорлар кеңесінің және ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды алдын ала мақұлдайды;

38) ҚМГ Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмысын алдын ала мақұлдайды;

39) ҚМГ қызметінің Заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

40) ҚМГ орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы саны, құрылымы бойынша ұсыныстар әзірлейді;

41) ҚМГ еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдарының және бірлескен кәсіпорындарының бизнес-жоспарларын жасау, бекіту, түзету және оларға мониторинг жүргізу және ҚМГ-нің Даму жоспарын шоғырландыру тәртібін бекітеді;

41-1) ҚМГ еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдарының, бірлескен кәсіпорындарының шоғырландырылған бюджетін және бюджеттерін жасау, бекіту, түзету және оларға мониторингі жүргізу тәртібін бекітеді;

42) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымның жарғысында тиісті құзыреті болған жағдайда, осындай ұйымның, нәтижесінде, құны ҚМГ Басқармасы белгілеген шектен асатын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелер жасасуын келіседі;

43) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі ұйымның жарғысында тиісті құзырет болған жағдайда, осындай ұйымның және ҚМГ-нің толық іске асырылуы құны ҚМГ Басқармасы белгілеген шектен асатын инвестициялар жиынтығын жүзеге асыруды көздейтін инвестициялық жобаларды жүзеге асыруын келіседі;

44) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын ҚМГ қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

117. ҚМГ Басқармасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде ҚМГ қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және сұратымды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

118. ҚМГ Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде ҚМГ Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

ҚМГ Басқармасының бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын барлық мәселелерді ҚМГ Басқармасы алдын ала қарап, мақұлдауы тиіс.

ҚМГ Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер ҚМГ тараптардың мәміле жасасу кезінде осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, ҚМГ Басқармасы ҚМГ белгілеген шектеулер бұзылып жасалған мәміленің жарамдылығын даулауға құқылы.

119. ҚМГ Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ ҚМГ Басқармасының өзге де өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін ҚМГ Басқармасы туралы ережеде белгіленеді.

120. ҚМГ акционерлерінің өкілдері және ҚМГ акционерлерінің өкілдері болып табылмайтын ҚМГ қызметкерлері ҚМГ Басқармасының мүшелері бола алады. ҚМГ Басқармасы мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма төрағасын қоспағанда, ҚМГ Басқармасы мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесі Басқарманың жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғысының өкілеттіктері жалпы ҚМГ Басқармасының өкілеттіктер мерзімінің аяқталуымен бірге аяқталады.

ҚМГ Басқармасының мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда қоса атқару бойынша жұмыс істеуге құқылы.

ҚМГ Басқармасы төрағасының атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

ҚМГ Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Жарғымен, сондай-ақ аталған адамның ҚМГ-мен жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. ҚМГ Басқармасының төрағасымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі осыған уәкілеттік берген адам ҚМГ атынан қол қояды. ҚМГ Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына ҚМГ Басқармасының төрағасы қол қояды.

121. ҚМГ Басқармасы кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

122. ҚМГ Басқармасының төрағасы мен Басқармасының мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. ҚМГ Басқармасының төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктер мерзімі, тұтастай алғанда, ҚМГ Басқармасының өкілеттіктер мерзімімен сәйкес келеді.

123. Егер отырысқа ҚМГ Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы, оның ішінде отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша түрде дауыс берген ҚМГ Басқармасының жоқ мүшелері қатысса, отырыс жарамды деп есептеледі.

ҚМГ Басқармасының мүшесі ҚМГ Басқармасының отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы ҚМГ Басқармасының төрағасын алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған ҚМГ Басқармасының мүшесі жазбаша хабарлама арқылы ҚМГ Басқармасы отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарламаның мазмұны, оны ұсыну және оның білдірген дауысын есепке алу тәртібі ҚМГ Басқармасы туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ерекше жағдайларда ғана және ҚМГ Басқармасы төрағасының немесе оның орнындағы адамның шешімі бойынша ғана ҚМГ Басқармасының дискуссиялық емес сипаттағы мәселелер бойынша сырттай отырыстарын өткізуге жол беріледі.

ҚМГ Басқармасының ең болмағанда бір мүшесі мәселені сырттай отырыста қарауға қарсы болған жағдайда, мәселе кезекті іштей отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

124. ҚМГ Басқармасының шешімдері отырысқа қатысқан немесе жазбаша хабарламалар ұсынған ҚМГ Басқармасы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, ҚМГ Басқармасының төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

ҚМГ Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған ҚМГ Басқармасының отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауыс

беруге қойылған мәселелер, ҚМГ Басқармасының әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуы тиіс.

125. ҚМГ-де тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында, ҚМГ Басқармасының жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитетті құру және оның жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы ҚМГ Басқармасы бекітетін ҚМГ-нің ішкі құжатымен белгіленеді.

ҚМГ Басқармасы ҚМГ Басқармасының жанынан өзге де комитеттер (комиссиялар) құруға құқылы.

126. ҚМГ Басқармасының төрағасы:

1) ҚМГ Басқармасын басқарады;

2) Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және ҚМГ Басқармасы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) шарттарға, кепілдіктерге қол қоюды қоса алғанда, ҚМГ атынан үшінші тұлғалармен қатынастарда сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;

4) Жарғының осы тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәмілелер жасасу жөніндегі құқықтарды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда ҚМГ-ні білдіру құқығына сенімхаттар береді;

5) осындай мәмілелерді жасасу ҚМГ өзге органдарының құзыретіне жатқызылған жағдайларды есептемегенде, мүліктік емес сипаттағы мәмілелерді және нәтижесінде ҚМГ құны ҚМГ активтері құнының жалпы мөлшерінің бір және одан аз процентін құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасайды;

6) Заңнамамен және Жарғымен өзге органдардың құзыретіне жатқызылған құқықтарды қоспағанда, акционердің (оның ішінде ірі акционердің), акцияларының пакеттері немесе қатысу үлестері ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлғалардың қатысушысының құқықтарын жүзеге асырады;

7) Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, ҚМГ қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, ҚМГ штат кестесіне сәйкес ҚМГ қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін белгілейді, Корпоративтік хатшыны, ҚМГ Басқармасының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, ҚМГ қызметкерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді;

8) өзі болмаған жағдайда, бұйрық негізінде өз міндеттерін орындауды ҚМГ Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

9) ҚМГ Басқармасының мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

10) ҚМГ жұмыс режимін белгілейді;

11) ҚМГ-нің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы алдында ҚМГ жұмысы үшін жауапты болады;

13) ҚМГ-нің банктік және басқа да шоттарын ашады;

14) құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

15) ҚМГ Басқармасының отырыстарын шақырады және Басқарма мүшелеріне отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

16) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді қоса алғанда, ҚМГ Басқармасы белгілейтін тәртіппен ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді;

17) ҚМГ атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудит жүргізуге шарт жасасады;

18) ҚМГ-нің қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге де саясатын іске асыруды қоса алғанда, ҚМГ-нің операциялық қызметі жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

19) Директорлар кеңесін ҚМГ қызметіндегі барлық маңызды оқиғалар туралы хабардар етеді;

20) ҚМГ-нің кадр саясатын іске асырады, оның ішінде еңбек тәртіптемесінің қағидаларын бекітеді;

21) ҚМГ міндеттерін орындау үшін қажетті және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатпайтын ҚМГ-нің ағымдағы қызметіне қатысты барлық қалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

127. ҚМГ Басқармасы төрағасының шешімі бойынша ҚМГ Басқармасының мүшелеріне белгіленген тәртіппен ҚМГ Басқармасы төрағасының қандай да бір болмасын өкілеттігі берілуі мүмкін.

15-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

128. ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының, бұл ретте, "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін өзге де ұйымдарының (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін - Ұйымдар) қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, ҚМГ мен Ұйымдардың қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттарды орындау үшін ҚМГ-де орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі құрылады.

Ұйымның тексеру комиссиясының мүшелері (тексерушісі) белгіленген тәртіппен сайлаған (тағайындаған) жағдайларды қоспағанда, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері ҚМГ Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына, сондай-ақ Ұйымдардың органдарына сайлана алмайды.

129. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, оның қызметінің тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережеде белгіленеді.

130. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне ҚМГ мен Ұйымдардың қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалауды жүргізеді және жетілдіруге ықпал етеді, жүйелі әрі дәйекті тәсілді қолдана отырып, Директорлар кеңесін ҚМГ мен Ұйымдардағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабардар етеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

131. ҚМГ мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары Заңнамамен және Жарғымен реттеледі.

16-БАП. ҚМГ-нің ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

132. ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары (ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері, ҚМГ Басқармасының мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және ҚМГ мен оның акционерлерінің мүдделеріне барынша сәйкес келетін басқару тәсілдерін қолданады;

2) ҚМГ мүлкін ҚМГ Жарғысына, ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қарама-қайшы пайдалануға немесе пайдалануға жол бермеуге, сондай-ақ өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасасу кезінде өз жағдайын теріс пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнаманың талаптарына сәйкес, ҚМГ қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;

5) егер ҚМГ-нің ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, ҚМГ-нің қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде ҚМГ-дегі жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, ҚМГ мен оның акционерлерінің мүдделері үшін Заңнаманың талаптарына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес іс-әрекет жасауға;

2) акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз пікір білдіруі тиіс.

ҚМГ Басқармасының мүшелері залалды болдырмау, ҚМГ Басқармасының отырысын шақыруға бастамашылық жасау жолымен ҚМГ қызметін оңтайландыру, ҚМГ Басқармасының төрағасын хабардар ету немесе өзге де қолжетімді тәсілмен қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

ҚМГ Басқармасының мүшелері ҚМГ Басқармасының төрағасын өздері жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша істердің жай-күйі туралы хабардар етеді.

133. ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және ҚМГ-ге келтірілген залал үшін ҚМГ мен акционерлер алдында Заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

17-БАП. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТ

134. Күнтізбелік жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) ҚМГ-нің қаржы жылы болып табылады.

ҚМГ-нің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасында және халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарында белгіленеді.

135. ҚМГ Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылғы жылдық қаржы есептілігін жыл сайын ұсынады. Қаржы есептілігінен басқа, ҚМГ Басқармасы аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса алғанда, Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есеп береді.

136. Жылдық қаржы есептілігін Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, алдын ала бекітуі тиіс.

ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітуді Акционерлердің жалпы жиналысы жүргізеді.

137. ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігі Заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланады.

ҚМГ бұқаралық ақпарат құралдарында бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және пайда мен залал туралы есепті уәкілетті орган белгілеген мерзімде жыл сайын жариялауға міндетті. ҚМГ өзге қаржы есептілігін қосымша жариялауға құқылы.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес жылдық қаржы есептілігіне түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Заңның 79-бабының талаптарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде ҚМГ активтері мөлшерінің он және одан да көп проценті сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, *сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер*, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

138. ҚМГ жылдық қаржы есептілігіне аудит жүргізуге міндетті.

139. ҚМГ аудиті ҚМГ есебінен ҚМГ Директорлар кеңесінің, Басқармасының бастамасы бойынша немесе ҚМГ акционерлерінің кез келгенінің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте акционерлер аудиторлық ұйымды дербес белгілеуге құқылы. Аудит кез келген акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда, ҚМГ аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер ҚМГ Басқармасы ҚМГ аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

18-БАП. ҚМГ АҚПАРАТЫН АШУ. ҚМГ ҚҰЖАТТАРЫ

140. ҚМГ өз қызметі туралы ақпаратты ҚМГ-нің интернет-ресурсында (www.kmg.kz) жариялайды және (немесе) заңнамаға және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес белгіленген мерзімді баспасөз басылымында жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

ҚМГ жылдық есепті *Директорлар кеңесі* бекіткен күннен бастап 10 күн ішінде ҚМГ интернет-ресурсында (www.kmg.kz) орналастырады.

ҚМГ Заңда белгіленген корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізуге міндетті.

ҚМГ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, ҚМГ-нің жылдық қаржы есептілігін және аудиторлық есептерді, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушы орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

ҚМГ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында тоқсан сайынғы қаржы есептілігін орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасының интернет-ресурсында жариялау үшін оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қор биржасына барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржы есептілігін ұсынады.

ҚМГ қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен корпоративтік *интернет-ресурста* ірі акционерлер туралы ақпаратты, сондай-ақ қоғамның басқару органының басқа заңды тұлғада басшылық лауазымды немесе өзге де негізгі қызметті қоса атқаратын мүшелері туралы мәліметтерді басқа заңды тұлғадағы олардың өкілеттіктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсете отырып орналастыруға міндетті.

Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Егер Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат ол туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).

Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат акционерлерге ҚМГ корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

Кредиторларға, жұртшылық пен акционерлерге ақпарат беру мақсатында, ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ-нің ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мәміле туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

ҚМГ қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие ҚМГ қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

141. Акционерлердің мүдделерін қозғайтын ҚМГ қызметі туралы ақпарат беру Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

ҚМГ кез келген акционерінің өзіне Жарғының осы бабында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін беру туралы сұрау салуы бойынша, егер сұратымда өзге мерзімдер белгіленбесе, ҚМГ сұратымды алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, оларды белгіленген тәртіппен өтініш берушіге ұсынуға міндетті.

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын ҚМГ-нің бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін реттейтін құжаттар танысу үшін акционерлерге олардың талап етуі бойынша берілуі тиіс.

142. ҚМГ-нің оның қызметіне қатысты құжаттары ҚМГ Басқармасының орналасқан жері бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде немесе ҚМГ Басқармасының шешімі бойынша өзге де жерде сақталуы тиіс.

Заңның 80-бабында көрсетілген құжаттар сақталуы тиіс.

143. Жарғының 142-тармағында көрсетілмеген өзге де құжаттар, оның ішінде ҚМГ-нің қаржы есептілігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

144. ҚМГ акционерлерінің кез келгенінің талап етуі бойынша оған Заңда және Жарғыда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті. Акционерлерге мәлім болған "Құпия", "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар ҚМГ қызметі туралы ақпарат, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, олардың құзыретіндегі мәселелер бойынша үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге де нысанда берілмейді. Құпия ақпаратты өзге тұлғаларға ашу ҚМГ Басқармасы төрағасының келісімі бойынша ғана мүмкін болады.

145. ҚМГ өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

ҚМГ өзінің үлестес тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзі белгілеген тәртіппен ұсынады.

146. ҚМГ акционерлері мен лауазымды тұлғалары үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде ҚМГ-ге ұсынады.

Бұрын ҚМГ акционері немесе лауазымды тұлғасы үлестес ретінде көрсеткен тұлға осындай болуды тоқтатқан жағдайда, ҚМГ акционері немесе лауазымды тұлғасы бұл туралы ҚМГ-ге бес күн ішінде хабарлайды.

ҚМГ үлестес тұлғалар туралы ақпаратты бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті талаптарын орындауға мүмкіндік беретін көлемде береді.

19-БАП. ҚМГ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

147. ҚМГ меншігі мен оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

20-БАП. ҚМГ-ні ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

148. ҚМГ акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

ҚМГ-ні қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

21-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

149. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже мағынасы бойынша жақын және құқықтық қатынаста жол берілетін ережемен ауыстырылады.

150. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы

С. Мыңбаев